

Мектеп тарихынан

- 1954 жылы Бастауыш мектеп болып құрылды.
- 1986 жылы Райым калхозы Бастауыш мектеп ескіруіне байланысты қайта салып берді.
- 1998 жылы Бастауыш мектеп өртеніп кетті. Осы жылы мектеп уақытша жабылып, оқушылар Райым елді мекеніндегі №72 негізгі мектебінде оқыды.
- 1999 жылы Тлеумбетов Жолкелдінің шарбағындағы сарайы мектепке ыңғайластырылып беріліп, оқушылар Бастауыш сыныпты сонда қайта оқыды.
- 2000 жылы ауыл тұрғындарының көмегімен Бастауыш мектеп асарлатып қайта салынды.
- 2008 жылы Арал ауданы әкімі Н. Мусабаеттың қаулысымен Бастауыш мектепке аудандық бюджеттен 2 млн 300 мың теңге қаржы қаралып күрделі жөндеуден өтті.

- 2016 жылы Облыстық бюджеттен 435 млн теңге қаралып «Ескіұра Бастауыш мектебі» КММ Арал аудан әкімі М.Ә. Оразбаевтың 2017 жылғы 15 мамырдағы №72 қ қаулысымен «№281 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталып, типтік жобада салынып, 2017 жылдың 25 мамырында пайдалануға берілді. Ашылу салтанатына ҚР Білім және ғылым министрі Б. Сағадиев пен Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев, Арал ауданының әкімі М. Оразбаев салтанатты түрде ашты.
- Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы болып Жолмырзаев Райымбай Жолдасович аудандық білім бөлімінің 15.05.2017 жылғы №31/1 бұйрығымен тағайындалды. Мектеп директоры болып Жолмырзаев Райымбай Жолдасович Арал аудандық конкурс комиссиясының 2017 жылғы 14 маусымдағы №2 шешімімен тағайындалды. Мектеп жаңадан ашылғандықтан 25 мұғалім, 5 көмекші қызметкер, 19 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. 2020 жылы 1 наурыздан бастап мектеп жанынан « Алтын асық» шағын орталығы ашылып оған 20 бала қабылданып, 7(жеті) қызметкер жұмыс жасайды.
 - **Мектеп директоры Р. Жолмырзаев Астана қаласында мектеп көшбасшысы 9 айлық курсынан 2018 жылы өтті.**
 - **Тәрбие ісі меңгерушісі М. Қалабаев Қызылорда облысында пән бойынша 9 айлық курснан 2019 жылы өтті.**

«№281 негізгі мектебі» КММ мұғалімдерінің педагогикалық сапалық құрамы

Білімі бойынша мұғалімдер және оқу көмекші қызметкер	2022-2023	Санаты бойынша	2022-2023	Еңбек стажы бойынша	2022-2023
Жоғары	18 / 72%			0-2 жыл	1
Арнаулы орта	7 / 28%			3-7 жыл	8
Барлығы	25 / 100%			8-12 жыл	7
		Санаты жоқ	11	13-17 жыл	8
		Педагог - модератор	5	18 жоғары	1
		Педагог - сарапшы	9		

«№281 негізгі мектебі» КММ көмекші қызметкерлердің сапалық құрамы

Көмекші қызметкер	2022-2023	Еңбек стажы бойынша	2022-2023
Жоғары	2 / 40%	0-2 жыл	1
Арнаулы орта	3 / 60%	3-7 жыл	4
Барлығы	5 / 100%		

- **Жетістіктер:** 2017 – 2018 оқу жылындағы Республикалық пәндік Олимпиаданың II кезеңінен биология пәнінен 9-сынып оқушысы Жолдасов Балтабай 3 – орын, аудандық батпан көтеру сайысынан 8-сынып оқушысы Нұрмахан Еламан 1-орын, аймақтық спартакиададан командалық есепте 2 – орын. Негізгі орта білім беру туралы үздік аттестатын 3 оқушымыз Жолдасов Балтабай, Ертаева Зарина, Тұрғанбаев Ержеңіс, жай үлгідегі аттестатты 5 оқушымыз алды. Биылғы оқу жылында негізгі орта білім курсы бойынша мектепті бітірген 8 оқушының 7 оқушысы колледждерге грантқа, 1 оқушы колледжеге ақылы түсті.
- 2018-2019 оқу жылында Негізгі орта білім беру туралы үздік аттестаты 2 оқушымыз Жолкелдиева Динара мен Избасаров Нұрзат осы жылы бітірген 5 (бес) оқушымызда колледжеге грантқа түсті.
- 2019-2020 оқу жылында Негізгі орта білім беру туралы үздік аттестаты 1 (бір) оқушымыз Қуантханова Хадиша бітірді. Осы жылы бітірген 4 (төрт) оқушымызда оқуға грантқа түсті.
- 2020-2021 оқу жылында Негізгі орта білім беру туралы үздік аттестаты 1(бір) оқушымыз Амантаева Аяулым бітірді. Осы жылы бітірген 5(бес) оқушымызда оқуға грантқа түс оқушымызда оқуға грантқа түсті .
- 2021-2022 оқу жылында Негізгі орта білім беру туралы үздік аттестаты 2 (екі) оқушымыз Тұрғанбаев Нұрсұлтан мен Жақсылықова Сая бітірді. Осы жылы бітірген 5(бес) оқушымызда оқуға грантқа түс оқушымызда оқуға грантқа түсті.
- 2022-2023 оқу жылында Негізгі орта білім беру туралы үздік аттестаты 1(бір) Избасарова Ализа бітірді. Осы жылы бітірген 8(сегіз) оқушымызда оқуға грантқа, 1(бір) оқушымыз ақылы оқуға түсті.

Бұрынғы бастауыш мектептің меңгерушілері:

1. Жусупов Самурат 1954-1984ж.ж.
2. Алмашова А 1984-1986 ж.ж.
3. Жалмағанбетова Базаркүл 1986-1987 ж.ж.
4. Жусупова Кулаш 1987-1990 ж.ж.
5. Азилханова Бағымкүл 1990-1991ж.ж.
6. Нысанбаева Ажар 1991-1992ж.ж.
7. Тойбазарова Калдыгул 1992-1997 ж.ж.
8. Абдрахманов Каскырбай 1997-2017.(15 мамыр) ж.ж.

«№281 негізгі мектебі» КММ мектеп басшылары :

1. Жолмырзаев Райымбай Жолдасович 2017-2023 ж.ж.
2. Жолмырзаева Айтолқын Жолдасовна 22.09.2023 ж

Тарихы терең, киелі мекен – Ескіұра

«Тарихты білмей болашақты бағдарлау мүмкін емес» - деп, біздің ойышыл аталарымыз айтқандай әр жердің тарихы мен тарихи ескерткіштерін зерттеп білу сол жердің жергілікті тұрғындары үшін жауапкершілікті міндет деп ойлаймыз.

Себебі, сонау ғасырлардан бері өмірден абыздармен әулиелер, билер олардың жасаған еңбектері, қалдырған іздері атадан балаға мұра ретінде қазіргі болашақ жас буындарға жетуі тиіс. Сол мақсатта халыққа, оқушыларға Ескіұра атауының шығу тарихы мен сол жерде болған билердің, ақындардың, ғұламалардың және елдегі жаңалықтардың тарихын баяндаймыз.

Ескіұра атауының шығу тарихына тоқталсақ, Ескіұра ауылы Райым көлінің жағасында, Сырдарияға жақын орналасқан. Кезінде осы өңір халқы Райым көлінің жағасына шығыр салып егін еккен. Артық астықтарын көзден таса, су шаймайтын биік нұраға ұра қазып, соған көмген. Сөйтіп, мұнда әркімнің бір – бір ұрасы, жасырын көмбеде астығы болған. Содан бұл жер ескі ұраға айналып, келе – келе Ескіұра атанып кеткен.

Ескіұра ауылында 1954 жылы қамыс зауыты құрылған. Ол 1975 жылдың 25-ші қаңтарында тарап, Қазалы кірпіш зауытына қосылды.

Ескіұрада бастауыш мектеп 1954 жылы ашылып, меңгерушісі және мұғалімі болып Жусупов Самурат бекітілді.

- 1986 жылы Райым калхозы Бастауыш мектеп ескіруіне байланысты қайта салып берді.
- 1998 жылы Бастауыш мектеп өртеніп кетті. Осы жылы мектеп уақытша жабылып оқушылар Райым елді мекеніндегі №72 негізгі мектебінде оқыды.
- 1999 жылы Тлеумбетов Жолкелдінің шарбағындағы сарайы мектепке ыңғайластырылып беріліп оқушылар Бастауыш сыныпты сонда қайта оқыды.
- 2000 жылы ауыл тұрғындарының көмегімен Бастауыш мектеп асарлатып қайта салынды.
- 2008 жылы Арал ауданы әкімі Н. Мусабаеттың қаулысымен Бастауыш мектепке аудандық бюджеттен 2 млн 300 мың теңге қаржы қаралып күрделі жөндеуден өтті.

- 2016 жылы Облыстық бюджеттен 435 млн теңге қаралып «Ескіұра Бастауыш мектебі» КММ Арал аудан әкімі М.Ә. Оразбаевтың 2017 жылғы 15 мамырдағы №72 қ қаулысымен «№281 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталып, типтік жобада салынып, 2017 жылдың 25 мамырында пайдалануға берілді. Ашылу салтанатына ҚР Білім және ғылым министрі Б. Сағадиев пен Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев, Арал ауданының әкімі М. Оразбаев салтанатты түрде ашты. Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы болып Жолмырзаев Райымбай Жолдасович аудандық білім бөлімінің 15.05.2017 жылғы №31/1 бұйрығымен бекіді. Мектеп директоры болып Жолмырзаев Райымбай Жолдасович Арал аудандық конкурс комиссиясының 2017 жылғы 14 маусымдағы №2 шешімімен тағайындалды. Мектеп жаңадан ашылғандықтан 23 мұғалім, 5 көмекші қызметкер, 14 техникалық қызметкер жұмыс жасайды.

1988 жылы Ескіұрада СПТУ ашылып, 1990 жылы тарады.

«Елдің атын ер шығарады» демекші, Ескіұра ауылының төл перзенттері халқына адал қызметімен танылып, абыройға кенелген атпалы азаматтар, сындарлы күллі елге тіреу болған Жетес би мен Молда Бәйім осы жерде өмір сүрген.

Жетес би атамыз 1828 жылы туылып, 1914 жылы өмірден өтті. Арал ауданының әкімі Н. Мұсабаевтың 01.03.2005 жылғы №58 өкімімен, 2005 жыл Жетес би жылы деп жарияланды. Сол жылы Ескіұра ауылында жатқан бейімі жаңаланды. Ауданда үлкен іс – шаралар өткізіліп, Ескіұра ауылындағы Жетес ата асына облыс әкімі И. Адирбеков келді.

Молда Бәйім 1861 жылы туылып, 1887 жылы қайтыс болған. Балапан баласы Бәйімбет (Молда Бәйім) лақап аты. Молда Бәйім Жақайым руында сөзге – сөз әзір жауап беретін ақын кісі болған. Молда Бәйім атамыздың да бейімі Ескіұра ауылында орналасқан.

- Райым көліне құятын Ескіұра каналы 2001 жылы қазылып, пайдалануға берілді.
- Ескіұра ауылына алғаш телефон желісі 2008 жылы беріліп, түгел үйге орнатылды.
- 2011 жылы Ескіұра ауылының төл перзенті Тлеумбетов Мұрат ағамыз Жетес би, Молда Бәйім және барлық қайтыс болған ата – бабаларымыз жатқан қорымды өз қаржысымен жаңадан қоршап берді. «Өлі риза болмай – тірі байымайды» - деген Мұрат ағамызды ата – баба әруағы қолдасын!
- Таза су 2014 жылы шүмек арқылы барлық үйге жүргізілді.

Қазіргі таңда, Ескіұра ауылында 45 шаңырақ түтін түтетсе, халық саны-260, оқушы саны –61, ата – ана саны – 33.

Ел тарихымен елі үшін жанын пидә еткен ерлерімізді мақтан тұту бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуымен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Сондықтан да ,ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес, тарих пен өткеніңді еске алып, болашаққа өмір сүреміз!

Бұрынғы бастауыш мектептің меңгерушілері:



Жусупов Самурат 1954-1984ж.ж.



Алмашова Бахыт 1984-1986 ж.ж



Жалмаганбетова Базаркүл 1986-1987 ж.ж.



Жусупова Кулаш 1987-1990 ж.ж.



Азилханова Бағымкүл 1990-1991ж.ж.



Нысанбаева Ажар 1991-1992ж.ж.



Тойбазарова Калдыгул 1992-1997 ж.ж.




Абдрахманов Каскырбай 1997-2017. (15 мамыр) ж.ж.

«№281 негізгі мектебі» КММ мектеп басшылары



Жолмырзаев Райымбай Жолдасович 2017-2023 ж.ж



Жолмырзаева Айтолқын Жолдасовна 22.09.2023 ж